

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 қаңтардағы N 77 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 27 желтоқсан N 77а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 қаңтардағы N 77 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 40361 мың теңге" (қырық миллион үш жүз алпыс бір мың теңге);

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанындағы "55" деген сан "54" деген санмен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 7-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағаны мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан туралы әдістемелік жинақтар мен жарнамалық-ақпараттық фотоальбом әзірлеу және шығару".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*